

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 55 (850) 30 желтоқсан, 2021 жыл

facebook.com/tainsha.tany



tayynshatany.wixsite.com/website



tainsha_tan@list.ru

Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Сіздерді шын жүректен Жаңа 2022 жылмен құттықтаймын! Жақсы дәстүр бойынша біз бұл тамаша мерекені отбасымызбен және достарымызбен қарсы аламыз. Қорытынды жасаймыз, жоспар құрамыз, болашаққа көз жүгіртуге тырысамыз.

Өткен жылы көптеген жарқын, есте қаларлық оқиғалар, маңызды жобалар, экономикада жетістіктер, әлеуметтік салада оң өзгерістер болды.

Үстіміздегі жыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өтті.

Тәуелсіздік-кез келген мемлекеттің басты байлығы. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы – біздің көпжасырлық мемлекеттілігіміздің тарихындағы маңызды кезең.

Тәуелсіздіктің барлық кезеңінде Қазақстан елеулі жетістіктермен және күрделі сын-қатерлерді еңсерумен белгіленген үлкен жолдан өтті. Біздің еліміз орнықты мемлекеттік институттары бар әрі экономикасы бәсекеге қабілетті кемел демократиялық мемлекет ретінде қалыптасты.

Біздің мемлекетіміздің өркендеуіне Солтүстік Қазақстан облысы елеулі үлес қосуда. Тәуелсіздік жылдары өңір экономикасына 2,2 трлн теңге тартылды. Соңғы 5 жылда инвестиция көлемі 2 есеге, 167 млрд. теңгеден 340 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында арнайы өнеркәсіптік алаңдар ашылып, кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалуда.

Облыстағы жалпы өңірлік өнім соңғы 30 жылда долларлық мәнде 15 есе өсті. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ 23 есе артты.

Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі тек соңғы 10 жылда 7 есе өсті. Биылғы жылы ауыл шаруашылығының жалпы көлемі 890 млрд. теңгеге жетіп, 2017 жылғы көрсеткіштен 2 есеге артады.

Елде индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы 2010 жылдан бастап облыс өнеркәсібін, оның ішінде өңдеу секторын дамыту үшін қолайлы жағдай жасады. Соңғы 10 жылда бұл сегменттегі өсім 38%-ды құрады. Осы кезеңде тау-кен өнеркәсібінің өнімі 6 еседен астам өсті.

Соңғы жылдары 2700 солтүстікқазақстандық өз ісін ашты. Өңірдің

ШОБ өнімдерін шығару 5 жыл ішінде 2 есеге өсті.

Облыс бойынша 30 жыл ішінде 5 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Алда үлкен жоспарлар тұр. Тек 5 жылдың ішінде 21 мың пәтер салуды жоспарлап отырмыз. Соған орай 70 мыңнан астам адам баспаналы болады. Бұл – біздің облыстың әрбір жетіншісі тұрғыны.

Осы жылдар ішінде өңірде ондаған мектептер, балабақшалар, ауруханалар және мыңнан астам спорт нысандары салынды. Алдағы уақытта өңірде тағы 15 жаңа мектеп пен 47 медициналық нысан бой көтереді.

Облыста жоғары білім беру және медицина жүйесін сапалы жаңғырту жөніндегі барлық жоспарларымыз іске асырылуда.

М.Қозыбаев атындағы біздің университет әлемнің жетекші ЖОО-Аризона университетімен ынтымақтасатын болады. Оның заманауи оқу-зертханалық корпусының құрылысы аяқталуда, материалдық-техникалық базасы жаңартылуда.

Ел Президентінің тапсырмасы бойынша Петропавлда "Назарбаев Университетінің" қағидаттары бойынша жұмыс істейтін жаңа университет құрылады.

Облыстық көпбейінді аурухананың құрылысы жүргізілуде. Біздің өңір халқымызды ең заманауи медициналық қызметтерге қол жеткізумен қамтамасыз етуге арналған осы ауқымды жобаны іске асыруда.

Жол, тұрғын үй құрылысы белсенді жүргізілуде, азаматтарды ескі және апаттық тұрғын үйлерден қоныстандыру бағдарламасы іске асырылуда, аула аумақтары абаттандырылуда, қалалар мен ауылдарда инфрақұрылым дамуда.

Қымбатты жерлестер! Жаңа жылда да біз көптеген соны биіктерді бағындырып, әсерлі нәтижелерге қол жеткізе алатынымызға сенімдімін. Бұл жарқын мереке әрбір үйді жылылыққа, қуаныш пен бақытқа толтырсын! Барлықтарыңызға денсаулық, отбасылық амандық, рухани күші, бақыт және молшылық тілейміз! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Құмар Ақсақалов,

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

Сіздерді Жаңа 2022 жылыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Баршамыз жаңа 2022 жылмен бірге ізгі жаңалықтардың келуін күтеміз. Келер жаңа 2022 жыл барлық істеріңіз бен бастамаларыңызға ақ жол ашып, мол табыстар ала келсін, жетістіктерге толы болсын. Сіздерге зор денсаулық, қуаныш пен шаттыққа толы ұзақ ғұмыр, отбасыңызға бақ-береке, ашық аспан, шуақты күндер тілейміз.

Жаңа 2022 жылда жағымды жаңалықтар мен телегей табыс мол болсын! Әрбір игі істер мен жаңа жоспарлы еңбектеріңізге сәттілік серік болып, отбасыңызға баянды бақыт пен бақ-береке келсін!

Жаңа Жыл – бірлік пен татулықтың жылы болсын! Әр отбасы үшін ырыс пен береке жылы болсын. Барша тайыншалықтарды Жаңа Жылмен құттықтаймын. Жаңа жылдарыңызбен!

Руслан АҒБАЕВ, аудан әкімі.

Жаңа жыл, жаңа күн, жаңа айың,
Қуанышын сыйласын жоқ боп уайым.
Барыс жылы жетелесін мол табысқа,
Нұрын шашын, шырайлы күн мен айың.

Жиырма екінші жыл болсын бақыт жылы,
Әрбір жанның шырқалып ән мен жыры.
Бұл өмірдің сындары байқалмасын,
Жұлдыздайын жарқырап көңіл нұры.

Әрбір жанның орындалсын армандары,
Аман болып отбасы, мал — жандары.
Жаңа жылда жарқырап, жайнай берсін,
Ырзығымен толықсып қолда бары.

БАЛАЛАР ТАУАРЛАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Балалар тауарларының сапасы мен қауіпсіздігі - Сіздің балаңыздың денсаулығының кепілі. Балалар мен жасөспірімдерге арналған сапасыз өнімдер, Сіздердің балаларыңыздың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін. Балалар өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар «Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімдердің қауіпсіздігі туралы» (КО ТР 007/2011) Кеден одағының техникалық регламентімен белгіленген. Оқушылардың сөмкесін дұрыс таңдау үшін бірнеше негізгі басты сәттерді ескеру қажет:

Арнайы қаңқасы бар, омыртқаның салмағы мен қысымын біркелкі тарататын және омыртқаны деформацияламай, баланың арқасын түзу жағдайда ұстап тұру үшін қатты ортопедиялық арқасы бар оқушылар сөмкесін/рюкзакты таңдау;

Сөмкенің жолқашық бауы баланың иығына ауырлық түсірмеу үшін жалпақ және жағымды материалдан болуы керек. Баулары ұзындығы бойынша реттелуі тиіс және бала тек арқасында екі бауымен болуы тиіс, бұл ретте рюкзак баланың белі мен мойнына кедергі етпейтіндей арқасымен ғана сөмкені тағуы тиіс;

Арқаға асатын сөмкенің өлшемі мен салмағы баланың бойы мен жасына сәйкес болуы тиіс;

Арқаға асатын сөмкенің салмағы 1000 г аспауы тиіс;

Оқушы сөмкесі мен портфельдер жарық шағылыстырғыш элементтермен (бөлшектер, фурнитура) жабдықталуға тиіс, олар алдыңғы бүйір беттеріне және арқаның жоғарғы қақпақшасына орналастырылуы және қарама-қарсы түсті материалдардан дайындалуы тиіс. Жарық шағылыстырғыш элементтердің болуы өтіп бара жатқан автомобильдердің жүргізушілеріне қараңғы уақытта жол жүретін баланы көруге көмектеседі және сол арқылы балалардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, дүкендерде балалар мен жасөспірімдерге арналған былғары галантерея бұйымдарын сатып алған кезде ең алдымен міндетті түрде өнімнің таңбалануына назар аудару қажет:

- өнім дайындалған елдің атауы;
- атауы және дайындаушының орналасқан жері (дайындаушының, уәкілеттік тұлғаның);
- импорттаушы, дистрибьютор;
- бұйымның атауы және түрі (мақсаты);
- дайындалған күні;
- нарықтағы айналымның бірыңғай белгісі;
- өнімнің қызмет ету мерзімі (қажет болған жағдайда);
- кепілдіктің жарамдылық мерзімі (қажет болған жағдайда);
- тауар таңбасы (бар болса).

Ақпарат орыс тілінде немесе аумағында осы бұйым өндірілетін және тұтынушыға сатылатын Кеден одағына мүше мемлекеттің мемлекеттік тілінде ұсынылуы тиіс. Ілеспе құжаттардың болуы (былғары галантерея бұйымдарына сәйкестік туралы декларация) - баланың денсаулығы үшін мектеп сөмкелерінің қауіпсіздігіне кепілдік болып табылады. Мектеп сөмкелері КО ТР 007/2011 «Балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімдердің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес болуы тиіс. Осы Техникалық регламенттің қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін және сәйкестікті бағалау (расталу) рәсімінен өткен балалар мен жасөспірімдерге арналған өнімдер Кеден одағына мүше мемлекеттердің нарығында өнім айналымының бірыңғай белгісімен таңбалануы тиіс.

Азамат КАРИМОВ,

ҚР СИМ ТРМК СҚО бойынша Департаментінің бас маманы, СҚО мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

* * * * *

КӨМЕК СҰРАУДАН ҰЯЛМАҢЫЗ

Әрбір адам өмірінде бір рет болса да қиын және адам төзгісіз оқиғаға, одан шығу тек өмірден өз еркімен кету болып табылатын жағдайға тап болды. Алайда, кез-келген жағдайда одан шығатын жол бар, оны табу - өзіне өзі қол жұмсауға шешім қабылдаған адам үшін бірінші міндет:

- тағдыр сізді айналып өтпейді, мәселені шешу үшін жол табылады немесе үміт оты болады;
- қиын жағдайға мойын ұсыныңыз, бірақ проблемаңыздың шешімін басқалардың мойнына жүктемеңіз, дағдарысты басқа біреу емес, өзіңіз ғана жеңе аласыз;
- өз ойларыңызбен, үрейлеріңізбен, қиыншылықтарыңызбен бөлісіңіз, адамдармен қарым-қатынас жасаудан қашпаңыз;
- осындай немесе оданда зор қиыншылыққа тап болған адамды, ол ауыртпалықты қалай жеңгені туралы еске түсіріңіз және осы адамды өзіңіз үлгіге алыңыз;
- айналадағылардың барлық әрекеттері мен сөздері сені ренжітіп, ауырсыну мақсатын көздемейді. Тынышталыңыз және олардың сөздеріне басқа жағынан қараңыз;
- дұрыс тұжырым жасаңыз. Теріс нәтиже де нәтиже береді және саған баға жетпес өмірлік тәжірибе береді;
- бір адамның сатқындығы мүлдем барлық адамдар «сондай» дегенді білдірмейді, ал емтихандағы екілік - әлі соңы емес, бұл тек ауыр күрестің бастауы;
- орын алған жағдай, жағымсыз жағдай туралы ойлай бермеңіз. Оны ұмыту мүмкін емес, бірақ оны «жадтың түбіне» жастырып тастау әбден мүмкін;
- барлық жаулар мен проблемаларға қарамастан - жақсы көрінуге тырысыңыз;
- көмек сұраудан ұялмаңыз, көп жағдайда адамдар оны өз ықыласымен оны көрсетеді;
- өзіңізді ұсақ-түйектермен, дәмділермен немесе өте қажетті заттармен, қуантыңыз;
- спортпен айналысыңыз.



Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, газет тілшісі.



FinGramota
Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

Сақтандыру төлемін алу үшін күмәнді адамдардың қызметтеріне жүгінген дұрыс па

Қазақстанның сақтандыру нарығы белсенді түрде дамуда. Үнемі пайда болатын жаңа өнімдер мен қызметтердің шеңберінде тұтынушыларға шарттық барлық қыр-сырын, әсіресе сақтандыру жағдайы басталған күйзеліс жағдайында түсіну қиын. Сондықтан азаматтар лицензияланбаған делдалдардың немесе халық арасында «көмекші» деп аталатындардың қызметтерін пайдалану арқылы қаржылық шығындарға ұшырайды.



Fingramota.kz бұл мәселе бойынша көмектеседі

Бірден айта кету керек, ресми және құқықтық салада жұмыс істейтін заңды ұйымдар бар, олар ақылы негізде кеңес беру қызметтерін, оның ішінде сақтандыру секторында да көрсетеді. Алайда, «көмекшілер» заңның әрпін сақтауға немесе өз клиентінің мүдделерін білдіруге емес, сақтандыру сомасын төлеуді жеделдетуге және оның бір бөлігін алуға мүдделі. Сонымен қатар, олардың қызметтерінің құны ресми ұйымдарға қарағанда едәуір жоғары және тиісті сақтандыру төлемінің жартысынан да көп болуы мүмкін.

Көбінесе мұндай жағдайлар автосақтандыру нарығында туындайды. «Көмекшілердің» жұмыс істеу қағидаты олардың ЖКО бойынша сақтандыру төлемі процесін едәуір жылдамдатуға, оның мөлшерін ұлғайтуға (бұл кәсіби бағалау мен сараптама жүргізуге байланысты мүмкін емес) уәде беретіндігіне негізделген және әлеуетті клиенттен тиесілі төлемді өз бетінше алу еш жағдайда жұмыс істемейтініне баса назар аударады. Бұл ретте олар сенімхат алу үшін пайда алушыға және оның атынан әрекет ету құқығына әсер етуге тырысады. Осындай сенімхаттың арқасында олар клиенттің атынан сақтандырушының кассасынан сақтандыру төлемін қолма-қол ала алады немесе оны алу үшін өз шотын бере алады.

Бұл ретте сақтандыру ұйымдары онсыз да заң бойынша өз міндеттемелерін орындауға және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндетті екенін түсіну керек. Ал сақтандыру ұйымының клиенті болып табылатын кез келген азамат қажетті құжаттарды дербес жинап, тиісті төлемді делдалсыз ала алады.

Бұдан басқа, даулы жағдайларда азаматтарды қолдау үшін сақтандыру компанияларымен сақтандыру омбудсманы институты жұмыс істейді, ол өз қызметінде сақтандыру шартының тараптары арасындағы өзара қарым-қатынастарды өтеусіз негізде реттеуді жүзеге асыратын, азаматтар тегін консультация мен құқықтық қолдау ала алатын жеке тұлға болып табылады.

Сақтандыру компаниясы өз клиенттерінің құқықтарын бұзуға жол берген жағдайда, клиенттер ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне, сондай-ақ аумақтық тиістілігі бойынша өңірлерде Агенттіктің Өңірлік өкілдерінің басқармаларына жүгіне алады және реттеушіден тиісті қолдау ала алады. Және бұл тегін іске асырылады.

Сақтандыру нарығы субъектілерін қадағалау және бірінші жартыжылдықта азаматтардан келіп түскен өтініштерді қарау шеңберінде реттеуші сақтандыру ұйымдарына қатысты 4 қадағалап ден қою ұсынымдық шара шығарды, сондай-ақ 530,2 мың теңге жалпы сомаға 2 әкімшілік жаза қолданды.

Осылайша сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау жұмыс істеуде және тиімді жұмыс істеуді, ең бастығы азаматтарға тегін қызмет көрсетеді. «Сондықтан сізге тиесілі сақтандыру төлемін алу үшін үшінші тұлғаны тартудың еш қажеті жоқ. Сонымен қатар, бұл үшін «сақтандыру көмекшілері» өз қызметтері үшін талап ететін айтарлықтай сома төлеудің қажеті жоқ».

ЖКО немесе басқа да сақтандыру жағдайы болған кезде азаматтарда болатын тәжірибесіздікті, күйзелісті және эмоцияны пайдаланып, жалғыз мақсаттары ақша табу. Шарт жасай отырып, клиенттен мүдделерін қорғауға және қаражат алуға сенімхат ала отырып, «сақтандыру көмекшілері» өз мүдделерін ғана қорғайды және оның үстіне бұл үшін нарықтық емес сыйақы талап етеді. Сондықтан барлық азаматтарды қаржылық сауаттылықтарын арттыруға, шарттарды, оның ішінде сақтандыру шарттарын мұқият зерделеуге, өз құқықтарын білуге және оларды қорғай білуге шақырамыз. Ал даулы немесе түсініксіз жағдайлар туындаған кезде тиісті органдар - сақтандыру омбудсманына немесе Агенттікке түсіндіру және қорғау үшін жүгініңіздер.

АЗАМАТТАРҒА УАҚЫТША МӘРТЕБЕ БЕРУ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры МӘМС жүйесінен жеңілдетілген санаттағы азаматтардың «түсіп қалу» жағдайлары туралы түсінік берді.

15 жеңілдік категориясының өкілдері үшін, яғни 11 млн-ға жуық қазақстандықтар үшін мемлекет жарнаны төлейді, Медициналық сақтандыру қоры өз емханасына немесе өз бетінше Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы бойынша жүгіну арқылы уақытша мәртебе беру алгоритмін (бір айға) әзірледі. Осылайша, халықтың жеңілдікті санаты өкілдерінің сақтандыру мәртебесімен туындайтын мәселелер жедел мерзімде шешіледі, пациент медициналық қызметтерге қол жеткізе алады. Пациент медициналық ұйымға жүгінген кезде оның қызметкері пациенттің растайтын құжатын сканерлейді (суретке түсіреді) және оны «Qoldau 24/7» мобильді қосымшасы арқылы ӘМСҚ-ға жібереді. Қор пациентке 1 айға мәртебе береді, оған тиісті хабарлама жіберіледі. Жеңілдікті санаттағы дәл осындай өкіл мұны App Store және Play Market-те «Qoldau 24/7» мобильді қосымшасын жүктеу арқылы өз бетінше жасай алады. Жеңілдікті санатқа қатыстылығы туралы растайтын құжатты жүктеп алып, ӘМСҚ-ға жіберу қажет. Қор өтініш берушіге 1 айға мәртебе береді және тиісті хабарлама жібереді.

Қор мәртебені ресми қызметтер арқылы - ӘМСҚ сайтында fms.kz, Qoldau 24/7 мобильдік қосымшасында, Telegram-дағы Saqtandyr-bot арқылы тексеру қажет екенін атап өтті. Барлық жүйелер дұрыс және айқын жұмыс істейді. Айына екі рет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жеңілдетілген санаттар бойынша жаңартылған деректер базасын ұсынады. Тұрақты сақтандыру мәртебесін растау үшін Мемлекеттік корпорацияға 1414 нөмірі бойынша хабарласу қажет. Сондай-ақ, төлемдердің болуы немесе болмауы, жүзеге асырылған қайтарулар туралы ақпаратты <https://egov.kz/> «Электрондық үкімет» порталынан алуға болады. Ол үшін «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» электрондық мемлекеттік қызметіне тапсырыс беріледі.

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

* * * * *

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАШЫҚТАН АЛУ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры карантиндік шараларға байланысты қазіргі шектеулерді ескере отырып, азаматтарға медициналық қызметтерді қашықтықтан қалай алу керектігін түсіндірді.

Тар бейінді мамандардың кеңестері, телемедицина арқылы консультациялар, сондай-ақ рентгендік суретті қайта оқу, электрокардиограммаларды декодтау енді қашықтықтан қабылдау кезінде де қол жетімді.

Бұрын қашықтықтан кеңес беру созылмалы аурулары бар науқастарды (учаскелік жалпы практика дәрігері, терапевт, педиатр) динамикалық бақылау кезінде қолданылған. Қашықтықтан медициналық қызмет көрсетудің ерекшеліктері 2020 жылғы 17 шілдеден бастап күшіне енген Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексте (129-бап) айқындалған.

Дәрігердің онлайн-кеңесін қалай алуға болады?

1. Өз емханаңыздың Call-орталығы арқылы немесе басқа байланыс арналары, мобильді қосымшалар арқылы дәрігердің кеңесіне жазылу (бар болса).

2. Кеңес беру күні мен уақытын таңдаңыз. Сонымен қатар, тар маманның қабылдауына жазылу үшін алдымен учаскелік дәрігерден жолдама алу керек, яғни ең алдымен терапевтке/ЖПД-ға қабылдау үшін өтініш беру керек.

3. Таңдалған байланыс арнасы арқылы маманнан белгіленген уақытта қоңырау (аудио немесе видео) күтіңіз. «Дәрігерден кеңес алу үшін емханаға барудың қажеті жоқ. Ол науқас қай жерде болмасын, қашықтықтан қол жетімді. Бұл жағдайда дәрігер дәрі-дәрмектерге рецепт жаза алады. Аурухана парақтарын, зертханалық зерттеулердің тексерулердің нәтижелерін көруге болады. Яғни, осы қызметтерді алу үшін емханаға келудің қажеті жоқ», – деп ӘМСҚ-да атап өтілді.

Қорда түсіндірілгендей, қашықтықтан медициналық қызметтер диагностика, емдеу, медициналық оқалу және аурулар мен жарақаттардың алдын-алу, сандық технологиялар көмегімен зерттеулер мен бағалау үшін ұсынылады. Бұл ретте учаскелік дәрігердің қашықтықтан кеңес беруі МСАК медициналық ұйымдарына жан басына шаққандағы норматив төлемі шеңберінде ТМҚК тізбесіне, ал нақты көрсетілген қызметтер үшін (ТМҚК бойынша қызмет көрсетілетін созылмалы, әлеуметтік мәні бар және инфекциялық аурулардан басқа) МӘМС шеңберінде тар бейінді мамандардың консультациялары кіреді.

Сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар Қорға Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы арқылы жүгіне алады.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Қаратай Бәйкенұлы ТӨЛЕКЕЕВ, тіл жанашыры

Қазақстан Республикасының Конституциясында анық жазылғандай мемлекеттік тіл біреу, ол – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздікті нығайтудың, еліміздің елдік, халықтық сипатын сақтап қалудың және қоғамдық келісімнің ең басты кепілі болып саналады.

Тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Қазақстан — көп ұлтты мемлекет. Ұлтаралық келісім өзара жарасымын тапқан, тату еліміз. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңылмаспыз. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмайды, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ.

Қазіргі таңда «Қазақ тілін оқыту», «Қазақ тілін үйрету» немесе «Мемлекеттік тілді оқыту» деген сөздер қатарласа айтылып жүр. Біріншіден осылардың аражігін айырып алайық.

«Қазақ тілін оқыту» - балабақшада, мектептерде жоғарғы оқу орындарында қазақ тілін арнайы оқытып, тіл ғылымы бойынша сауатты оқып, жазуға машықтанады.

«Қазақ тілін үйрету» - тілді мүлдем білмейтін өзге ұлт өкілдеріне сонымен қатар өз ана тілін білмейтіндерге қатысты жүргізілетін әрекет. Бұл әрекетте, сөйлеуге, айтқанды түсініп, жазғанды оқи алуға және сауатты жазуға үйретеді.

«Мемлекеттік тілді оқыту» - дегеніміз бұл мемлекет қызметкерлерінің күнделікті еңбек қарым – қатынасында жиі кездесіп отыратын сөздер мен ресми іс қағаздарда қолданатын сөздерді, мамандығына қарай салалық – кәсіби сөздерді үйрету. Сауатты оқып, жаза білу үшін грамматиканы қоса оқыту.

Мемлекеттік тілді оқытудың тағы бір ерекшелігі, әдеби тілдің нормасындағы көнерген сөздер, сирек қолданыстағы сөздер, бір қолданыстағы сөздер болып саналатын лексикалық элементтер, сондай-ақ бейнелі, образды фразеологизмдер, қарапайым лексикаға тән тұлғалар, ауызекі сөйлеу стилінің тілдік элементтері қолданылмайды.

Жалпы адам баласы тілді екі түрде үйренген: бірі - табиғи тілдік ортада, екіншісі – арнаулы ұйымдасқан оқу арқылы игерген. Екеуі де тиімді, екеуі де тіл үйреткен. Әсіресе тілдік ортада тіл үйрену өте тиімді. Мысалға бүлдіршіндердің тілді орыс балабақшасында не ауладағы орыс балаларымен ойнап жүріп ақ үйренуі. Әскери борышын өзге ұлт өкілдерімен өтеген ауыл баласы тіпті ана тілін ұмыта жаздап келеді.

Ал қазіргі таңдағы тілдік ортаны айтпаса да түсінікті. Сонда тілдің бағын байлап тұрған кім?

Бұған жауап біреу-ақ - өзіміз.

Тіл саясаты жайында көп айтылып, жазылып келеді. Тіл үшін жасалып жатқан шаруалар да аз емес. Тіл үйренем деушілерге Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті, Ш.Шаяхметов атындағы ғылыми әдістемелік орталығы, А.Байтұрсынов атындағы тіл институты қаншама бағдарлама, жобалар жасалуда. Бөлініп жатқан қаражатта қомақты, алайда ұшы қиыры жоқ бір шеңберді мардымсыз айналып, жүріп келеміз. Тілімізді таңдайымызға қондырып, санамызға сіңдіріп, жүрегімізге жаттатып беретін не өзі жоқ не көлеңкесі жоқ бір құдіретті күшті іздеп жүрген сияқтымыз.

Мемлекеттік тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір азамат өзінің азаматтық міндетін атқаруға тиіс. Ол үшін тіл білуді мақсат тұтып, алдына талап қойып, айрықша көңіл бөліп, аянбай еңбектенсе, мемлекеттік тілді меңгерері анық.

- тілді оқып-үйреніп сертификат алған қызметкерлерімізден жарты жылдан соң, тағы тестік жұмыс алсақ, білім көрсеткіші алдығы деңгейінен төмен болып шығады. Неге? Себебі алған білімін іс жүзінде қолданбайды.

- Мекемелерде мемлекеттік қызметшілер іс-қағаздарын мемлекеттік тілде өздері рәсімдемейді. Аудармашыға арта салады. Неге? Себебі басшы тарапынан әр қызметші өз құжатын өзі рәсімдесін деген талап қойылмайды.

- Мекемелердегі лездеме, жиналыс, кеңестер мемлекеттік тілде өтпейді. Неге? Себебі ұжымдағы бірді-екілі өзге ұлт өкілдері түсінбейді. Осылайша сыныққа сылтау табылып, тілімізді тиісті биігіне шығара алмай келеміз.

Тіл мәселесі Ата заңымыз бен Тіл заңында тайға таңба басқандай анық та айқын жазылған. Енді бізге қандай заң, қандай қаулы керек? Қолымыздағы бар мүмкіндікті пайдалана алмай отырмыз және оған тек өзіміз ғана кінәліміз. Кеңес заманында санамызға сіңіп қалған құлдық психологиядан құтыла алмай келеміз. Үлкен болайық, кіші болайық әлі күнге ауыз толтырып, - ассалаумағалейкумнің орнына, приветіміз оңай. - Әкешім,- дегеннің орнына баты дегеніміз оңай боп тұр, ең бастысы, Шыңғыс Айтматовтың мәңгүртіндей ойымызды қозғап, тілімізді сындырып, жүректерімізді жылытқымыз келмейді.

Мемлекеттік қызметшілер бір бірімен қазақ тілінде сөйлеспесе, қызмет барысында күнделікті іс-қағаздарын өздері мемлекеттік тілде рәсімдеуге машықтанбаса, және ол басшы тарапынан ұдайы қадағаланбаса, қоғамда, ұжымда тілге деген қажеттілік болмаса, қайтып тілімізді тұғырына қондырамыз? Сондықтан, ең әуелі, қазақстанның әр азаматы қай ұлт болсын өз ана тілін білуді өзінен бастаса екен деген ұсынысым бар.

Бүгінгі тіліміз кешегіден, ертеңгі тіліміз бүгінгіден әлдеқайда артық болсын, ағайын!

Ұлт айнасы-тілімізді қадірлеп-қастерлеп, халыққа адал еңбек етіп, тіліміздің туын жықпай, биік ұстап, тіл мәселесін көтеруге ат салысайық!

Ардагерлер – асыл жандар

ОЛАР- АДАМ ЖАНЫНЫҢ АРАШАСЫ БОЛДЫ...

Медицина қызметкерінің кәсіптік қызметінің негізгі мақсаты — адам өмірін сақтау, сырқаттың алдын алу арқылы денсаулығын қалпына келтіру, сонымен қатар, тіпті кей жағдайда емделмейтін сырқаттардың көрген бейнетін де жеңілдетеді. Медициналық қызметкер, яғни дәрігерлер өз міндеттерін Гиппократ антын, адамгершілік және мейірімділік ұстанымдарын басшылыққа ала отырып атқарады, өзінің шешімдері мен әрекеттері үшін толық жауап бере алатын - ақ халатты абзал жандар.

Сондай адал жандардың бірі – Ақтан Жақсылық Әміржанұлы және зайыбы Мапура Қасымқожақызы десек, қателеспейміз. Өмір айдынында тағдырдың жазуымен ширек ғасыр бірге өмір сүріп, елімізге елеулі, халқымызға қалаулы, ең бастысы отбасында ардақты әке, аяулы ана болды. Өмірге ұрпақ әкеліп, өсіріп, енді немере-шөберенің қызығын көрер шақта өмірден озғандары, әрине, өкінішті... 40 жылдан астам уақыт медицина саласында еңбек еткен ерлі-зайыпты Ақтановтар, шынымен де алдына келген сырқат жандарға оқыған білімімен ғана емес, жүрегімен көмек көрсетті. Сырқат жандардың жүрегіне үміт отын жағып, оларды дәрімен ғана емес, сабырлы сөздерімен емдеді. Мапура Қасымқожақызы аудандық туберкулез ауруына шалдыққандарды емдейтін емханада бас дәрігер болып еңбек етіп, алдына келген сырқат жандардың ауруынан айығып кетуіне бар білімі мен біліктілігін аямаған жан болғанын көпшілік қолдайды деп ойлаймын. Ал, Жақсылық Әміржанұлы болса, дәрігерлік қызметімен қатар, жүрген ортада ұйымдастырушылық қасиеті де бар еді. Тазалықты, мәдениеттілікті ұнататын. Әуелі отырған ортасы мен мекеме төңірегін тазалап, көгалдандыру, ағаштар егу, қоршауларды эстетикалық талғамға сай түзету, орнату сияқты жұмыстарды ұйымдастыруда алдына жан салмайтын. Өзі басқарған кездерде ұжымды сенбіліктерге қатыстырып, өзі бірге жүретін. Бұл ерлі – зайыптылардың табиғат өзі сыйға тартқан сұлу келбеттері, қосылып баяу дауыспен ән салғанда, тіпті де сұлуланып кететін,-дейді құрдастары. Осыдан 16 жыл бұрын қызметімді ауыстырып, алғашқы газеттегі журналистік еңбегіме арнайы келіп, сәт-сапар тілеген жандардың бірі де осы жандар болатын. Олар екеуі де «ҚазКСР Денсаулық саласының үздігі» атағының иегері болды. Бірнеше Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталары да ерен еңбектің күесі



болса керек. 2019 жылы Жақсылық Әміржанұлы Тайынша ауданының Құрметті азаматы атағының иегері атанды. Иә, осындай жандардың қарапайым да сыпайы мінез-құлқы, тіпті киім киісі мен мәдениетті сөздері, әдепті жүріс-тұрыстары, жинақы іс-әрекеттері, рухани күш-жігерлері, бір бастарына жетерлік абыройлары – кейінгі жас ұрпаққа, аудан жұртшылығына үлгі-өнеге. Бұл-әркімнің бір қолынан келе бермейтін ұқсастық, қиялдары көкке самғаған ерекше адами қасиеттер екені айтпаса да түсінікті. Бүгінгі таңда осынау жандар жайлы өткен шақта айту, жазу мен үшін және оларды білетін басқа азаматтар, ағайын-туыс, бауырлары, отбасы үшін оңай емес, бірақ ол солай..... Адамның ғұмыр жолында ақ халатты абзал жандардың орны ерекше. Өйткені бұл мамандық иелері мейірімді, адам жанының ажалдан арашасы, жүрегімен басқаның жан күйзелісін ұға алатын адамдар. Біздің бүгінгі кейіпкерлеріміз осындай адами қасиеттерге бай адамдар, ұлықты ұл мен қылықты қыз тәрбиелеп өсірген ұлағатты отбасы иелері болды. Балалары өз алдына отбасын құрып, олардан балдай тәтті немерелер сүйді. Өмірде бұдан асқан бақыт бар ма?! Бірақ, ең өкініштісі – осының бәрі артта қалды. Мәңгілік ғұмыр жоқ екен, Арманға ешкім жетпеген. Таусылмас адам арманы, Ыстық-ау өмір әттеген, деп ақын жүрек жырлағандай ата-ана келместің кемесіне мінді, бірақ артында ұрпағы бар, олар ата-анаға Алладан иман байлығын сұрайды, сағынышпен еске алады, Құран бағыштап жандары жәннатта болуын қалайды. Қош бол, ақ халатты абзал жандар, ардақты әке, аяулы ана...

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

БАЛАЛАРҒА БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі ЛА-155/4 мекемесінде балалар үйі жұмыс істейді, бүгінде онда 24 бала тәрбиеленуде. Мұндағы оқу процесі тәрбиешілер мен күтушілері бар қарапайым балабақшаға ұқсас. Бір ғана айырмашылық-бәрі тікенді сымның аржағында.

Балалар үйінде балалар мен олардың сотталған аналары үшін барлық жағдай жасалған. Мұнда балалар тек 3 жасқа дейін бола алады, осы жасқа толғаннан кейін балалар балалар үйлеріне жіберіледі немесе туыстары оларды алып кетеді, ал ең жақсы жағдайда аналары босатылып, балаларымен бірге бостандыққа шығады.

«Біздің балалар үйі жұмыс тәртібі бойынша қарапайым балабақшаға ұқсайды: бізде үш топ бар – «жәргектегі», онда 0 - ден 10 айға дейінгі балалар тәрбиеленеді, «жүре алатындар» – 11 айдан 1,5 жасқа дейін және «аға топ» - 1,5 жастан 3 жасқа дейін. Әр топта 1 Азаматтық тәрбиеші және 2 күтуші жұмыс істейді», - дейді ол. Оның айтуынша, балалар үйі мемлекет қаражатымен толық қамтамасыз етілген, медициналық, коммуналдық-әлеуметтік, материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етудің жетіспеушілігі жоқ. Балалар жасына байланысты толықтай тамақтандырылады.

«Барлық Үй-жайлар кварцтаудан өтеді, сондай-ақ, егер баланың салмағы жасына сәйкес келмесе, тамақтануды түзетеміз. Бізде 2 аспаз бар, сондықтан бұл проблемалар туындамайды. Карантин кезінде шамадан тыс байланыстарды болдырмау үшін топтардағы сабақтар топтық түрде өтеді», - деп толықтырды балалар үйінің бастығы.

Жүкті сотталған әйелдер мұнда психологиялық қолдау ала алады, ана мен бала мектебі жұмыс істейді, дәрігер-педиатр бар. Ең жақын туыстар мұнда сотталған аналармен және олардың балаларымен қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кездесулер кезінде көрісе алады. Бұдан басқа, әрбір сотталған ата-ана егер балалар үйінің жұмысына наразылықтары болса оларды колония бастығымен, прокурорлармен, сотталғандар мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғам қайраткерлерімен кездесу кезінде айта алады.

ҚР ИІМ ҚАЗ комитетінің баспасөз қызметі.

САҚ БОЛЫҢЫЗ!

«Сақ жүрсең сау жүресің, тек жүрсең тоқ жүресің» демекші, осы бір шағын ғана тақырыпты арыдан емес, тура бастауды жөн көрдім. Жер жүзін жайлап, адамдардың қорқыныш, үрейіне айналған әлемдік пандемия – коронавирус індеті күн өткен сайын етек алып, өрши түсуі адамзат баласының бәріне аян.

Бүгінгі таңда арамызда жүрген көнекөз қария аталар мен аналардың есінде мәңгілік ұялаған, тәрбиелік мәні зор ұлағатты ақыл-кеңестер жадымызда жаттаулы. Олар «Балам сақ жүріңдер, от пен су тілсіз жау», «Пәле айтып келмейді», «Бәрі де аяқ астынан болады», дейтін. Қазіргі таңда мұндай індетке байланысты адамдарды сақтыққа, саулыққа, жауапкершілікке шақырған маңызды ақыл-кеңестер, ескертулер ақпарат құралдары мен құзырлы органдардың назар төрінен бір минутқа да қалған емес. Ортақ ойымыз түсінікті болу үшін өз пікірімді айта кетейін. Аты шулы індет ауа арқылы таралып, сезім мүшелеріне әсер ететіні белгілі. Ол тек вирус ұясына айналған ауру адамнан дені сау адамға жұғып, әрі қарай көбею сатысына ауысады. Бір сөзбен айтқанда, дені сау адам ауруды жұқтырып, «вирус торына» шырмалатыны тағы бар. Еліміз бойынша індет жұқтырушылардың көбі өз қатарымыздан, өмірлерімен мәңгілікке қош айтысып жатқаны еріксіз жүректі сыздатады. Індеттің етек жайғанына қарамастан дүрілдетіп той жасап, ол тойды күмбірлеген күймен сәндейтін өзіміз ғой. «Өзіміз» деп отырғаным оқырман қауымға белгілі, айтпасада түсінікті шығар... Бірақ бұл тойдың кесірі ақыр-соңында кімге тиіп жатқанын ойланып, халқымыздың денсаулығы «алтын қазына» екенін ойға түйсек. «Қазағым-ай» деген сөз бірде көкке алып ұшса, бірде көрге түсірердей болатыны өмір шындығы. Осы ретте еліміз аман, жұртымыз тыныш, халқымыз түгел болса екен деген ой келеді. Ата-бабамыздан қалған «Сақ жүрсең, сақтаймын»,- деген даналығын жадымызда сақтап, жүрегімізге хаттап, денсаулығымызды баптап, аман болайық, ағайын! Өкінішке орай, еліміздің бірқатар өңірінде індет өршіп барады. Жақынымызға жанашыр болайық. Карантиндік шектеу талаптарын мұқият орындап індеттен сақ болайық, бауырлар!

Хожа Қазанұлы, газет тілшісі

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

Нұрлан қажы БАЙЖІПТҰЛЫ, Дінтанушы, имам.

Адамдарға тез таралатын рух кеміргіш өсек пен өтірік тәрізді, мына аш көз індет жүйтікпен бойда әлемді эп-сәтте әдемілеп орап алып, төрткүл дүниенің төрінен орын алды. Адамзаттан ала алмай қалған өші бардай, жан-жағын жалмап, қарсы келгенді қармап, жолындағыны жайпап, әлдінің құтын қашырды, әлсіздің үнін өшірді. Әлі де арамызға мысқыл уын шашқысы келеді. Дегенмен, бүгінгі әлемнің ойында не бар? Үрей мен үміттің арасында ма, қорқыныштың панасында ма әлде ертеңіне сенімді ме?

Адамзатпен арпалысқан бұл індет санамызды түбегейлі жүз сексенге бұрмағанымен, ағын суды тоқтатқандай, көбіміздің көп дүниемізге тосқауыл болғаны хақ. Көп асқанға бір тосқандай, кімнің болмасын екпінін бәсеңдетті, есін жиғызды, санасын састырды. Әу баста бұл тажалға көбісі мән бермеді, сене алмады, сенгісі келмеді, сенбеді. Халық себептерін сан-сақтан іздесе, ғалымдар жан-жақтан зерттеді, даналылар өткенді, сарапшылар кеткенді ақтарды. Шер атамиздың бір кем дүниесіндей, өмірдің жарқ-жүрқ еткен жарқын сәттерін қуалап жүргенде, басымыздағы бағымыз тажалдың тәжіне айналғанын аңғармай қалған сияқтымыз. Денсаулық – жанымызға Алладан берілетін Алатаудай бақ! Науқас адам сау адамның басынан тәж көргендей, деніміз сауда өмір жап-жарқын, ап-ашық, ғажап, керемет, арман, өлімнің өзі алыс көрінеді. Десек те, бұл тажалдың кешегі таяғын жеген біздер не түйдік?

Тарихта Мұса (ғ.с) пайғамбардың Алламен тілдескен ғибраттары ішінде «Адамға ауруды не үшін бердің?» деген сұрағына «Пендем Мені әлсін - әлсін есіне алсын деп бердім» атты жауабы бар. Кей бейбақтар әлі күнге кімге сеніп, неге сүйенетінін, қайдан келіп, қайда бара жатқанынан хабарсыз, білмейді, білгісі келмейді, ойсыз, қамсыз. «Түбінде бәрібір өлеміз» деген қағидамен санасын нүктелей салады. Негізінде, өзін жаратқан Жаратушыны, өзін өмірге әкелген ата-ананы, өзін ұмытқан адамның ақыры құрдым. Ал, «Ауру, кесел, дерт деген нелер, қайдан және қалай пайда болды, кім ойлап тапты, не үшін, қандай мақсатта?» деген сұрақтарға «Ағзаның өсіп-өну қабілетінің бұзылуынан» деген уикипедия анықтамасы жауап бола ала ма? Не болса ежелгі батыс медицинасы мен шығыстың ибн Синасы көмек бере алды ма? Әлбетте қай-қайсысы болмасын, материалистік тұрғыда сыртқы ортаның әсері немесе басқа дәйектер келтіруі мүмкін. Алайда ойланайықшы, Алла Тағала адамзатқа ауруды нәліктен жібереді? Бұған ғасырлар бойғы ғылыми зерттеулер қажет емес. Себебі, жауабын Алланың Өзі «Пендем Мені әлсін-әлсін есіне алсын деп бердім» деп айтып тұр. Зерделесек, «әлсін-әлсін». Ал, біздер тым болмағанда анда-санда еске аламыз ба? Міне, біздің бірінші жіберіп алған тұсымыз осы!

Дерт – күнәміз бен қателігімізге жаза немесе тағдырға берілген сынақ. Өйткені, көзге көрінбейтін кез-келген кесел адамзатқа даналық пен түйсік әкелуші құбылыс. Мәселен, науқас нені ойлайды? Әрине, үш күндік өмірді, өткенін, бүгінін, ертеңін. Қандай іс жасадым, жасамадым дегендей, өкініш, сағыныш, күнә, сауап, ұрпақ. «Өліп қалсам не болады?» деген сұраққа жүрегі діріл қағады. Одан да Жаратушысына именіп, тәкаппарлығын сындырсын, шүкір етіп, тәубесіне келсін, қалғанын Алланың Өзі реттейді. Дерт тоқсан тоғыз десеңіз, оның тоқсан тоғыз емі бар. Онымен күресу құлшылық, емделу парыз. Дертке көңіл бөлмеу, бетімен жіберу, салғырт қарау, дер кезінде қаралмау, айыуға ниеттенбеу, жанды дауаламау күнәнің ауыры. Міне, осылайша Алла Тағала пендесінің рухын жаңарту үшін, көлемі тозаңнан да ұсақ зәредей дертті төрт періштесімен жібереді. Ол төртеу адамнан қуатты, реңді, тәбетті және күнәсін алып қояды. Егер, пенде жүрегіндегі сеніммен емнің шипасын Алладан күтсе, үш періште қуатын, реңін, тәбетін қайырады. Ал, сабырмен тәубесіне келсе, күнәсі қайтарылмайды яғни кешіріледі. «Өзім жазыламын» деген өзіндік жалаң сенім құр әншейін бос сөз болып қалады әрі өтпеуі мүмкін, өйткені рухтың иесі Алла! Сондығынан болар, бабаларымыз науқас адамды күнәсіз санап бата алатыны. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз таң

білінерде «Араларыңда науқастың көңілін сұраған жан бар ма?» деп, сахабаларына қайырылып отырған. Үш тарапқа бағыт алған адамның әрбір қадамына сауап жазылады, күнәлары кешіріледі. Бұл ұлы жолдағы яғни білім алуға аттанған, мешітке қарай беттеген, науқастың көңілін сұрауға шыққан адамның әрбір аяқ алысына періштелер қанатын төсейді. Шығыс медицина атасы Әбу Әли ибн Синаның «Ауырған адам, емдеуші адам және ауру бар. Қайсысы қайсысымен бірігеді, солар жеңеді» дегенін де ұмытпаған жөн. Есімізде болсын, рухты шаң басса, дерт ұялайды.

Өткеніміз отыз жыл, санай салатын отыз күн емес. Ал, осы отызда өзіміз не тындырдық? Кеше ғана төтеннен келген тосын індетке бір өзіміз қасқайып қарсы тұра алдық па? Менің ойымша, тәж-тажал сиқымызды сындырып тұрып көрсетті. Ала жаздай ән салып, той тойлап жүре берген екенбіз. Ең болмаса бір жапырақ бетпердені өзіміз шығаратын елден болмағанымызға өртсіз өртенуге болады. Өзгеден алып, өзімізге сатылған бөтеннің бетпердесі шынайы келбетімізді ашып берді. Өзгенің емес, өзіміздің отыз нәтижемізге өз көзімізді жеткізейікші, оған кешегі қайғылы күндер дәлел. Дерт өршігенде иіс дегенді сезбедік, дәм дегенді ұмыттық, ауруханалар толды, жете алмай талықсыдық, тыныстар тарылды, бір жұтым ауа, бір түйір дәріге тәуелді болдық. Бір орында үйелеген қойдай айналшықтап қалдық, тыпырлап іздене бердік, айқайлап жүріп таппадық, шуласақ та жеңбедік, әбіржіп қиналдық, жылап шаршадық, соңында амалдың жоқтығын түсіндік. Ақырында еліміздің елеулі азаматтарын, көрікті көз моншақтарын, ғылымның жауһарларын, ілімнің гауһарларын, шаңырақтың қазыналарын, әркімнің сүйеніштерін қара жерге көміп тындық, өзегіміз өртенді, азалы күйде қалдық. Баршылықта таршылықпен, тоқшылықта жоқшылықпен өтеміз деп ойламады олар. Бір күнге бұл аз емес, алдағы толқын не дейді, оны бір Алла біледі?

Бас күректі жерге тіреп, ақтық сапардың үйін үйлейтін көрқауды жәй күндері менсінбейтіндер сол ауыр сәттерде оларды жер-көктен таппай қапы болды. Еліміздегі әрбір мешіттің имам-молдасы күллі мұсылман әлемімен бірге Отанымыздағы барша науқас жандардың дертінен айығына жұма сайын дұға жасайды, бұған ұйыған жамағат «Әмин!» деп алақан жаяды. Міне, сол имамдарды нұқып, молдаларды шұқитындар жақындарын жер қойнына жаназалап тапсыруға жабық мешіттерден бет сипатар адам таппай дал болды. Сырқаттана қалса, дәрігердің біліктісін іздейтіндер ине салдыру үшін, ешқашан көзіне ілмеген медбикелерге зар болды. Ғылым мен білімді ұмытқанымыз сонша, арамыздағы азын-аулақ ғалымдарымызды теріп алып кеткенде, олардың барын біліп, қадірін түсіндік. Ал, бүгінгі зәруіміз не?

Бақыт қайда барады? Әлбетте, татулығы ұйыған елге, бірлігі тасыған жерге. Бағымызды індет кеміре бастағанда, бірін-бірі кінәлаған, әрі-бері тартысқан емес, тыныштық сақтаған бейбіт ел болуымыз керек. Тыныштық кімге барады? Әрине, жүрегі мейірімге, рухы иманға толы, көкірегі ояу адамға. Жанымыз кірлегенде, мешіттерден қашқан, Жаратушысын ұмытқан емес, иманын иірген, Құдайын таныған білімді ел болуымыз қажет. Ал, білім кімде болады? Арманы асқақ, талабы таудай, ғылымға құштар ескелең жаста. Сондықтан, кешегі қасіреттен аман қалып, айыққан біздер бүгінгі демімізге шүкір етіп, өмірімізге өзгеріс енгізейік. Ойын-сауыққа отыз жылымызды аямай беріп келдік, аз емес шығар ағайын? Алдағы толқыннан аман шығуға нық сенімде болайық. Ендігі жерде өрбіген ұрпағымызды иманның нәрімен сұарайық, қадамын мешіт пен медреседен бастатайық, ғылым және білімге бағыттайық, еліміздің келешегіне даярлайық. Өйткені, олардың келешегін кешегі мұңлы күндер болжап берді. Шындап келгенде, біздің ел қашаннан иманға, бірлікке, татулыққа зәру. Ал, біз бір-бірімізге, ағайындылығымызға, болашақ ғалымға, дәрігерге, ұстазға зәруіміз!

2022 жылғы қаңтарда аудандық мәслихаттың хатшысымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау кестесі

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні
1	Алпысов Ерлан Сапарбекұлы — облыстық мәслихаттың депутаты, «Племзавод Алабота» ЖШС-нің басшысы	5 қаңтар
2	Кершис Александр Владимирович — аудандық мәслихаттың депутаты, ДЭУ-65 бастығы	6 қаңтар
3	Әбдірахманова Айгүл Бағдатқызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	10 қаңтар
4	Ысқақова Диана Еслямбекқызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «№ 1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы	12 қаңтар
5	Бекшенов Сәрсенбай Мұратұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы	13 қаңтар
6	Мұхаметғалиева Айгүл Ботақызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» КММ-нің директоры	17 қаңтар
7	Трифонов Николай Николаевич — аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС-нің директоры	19 қаңтар
8	Мергасимов Бауыржан Маратұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дарига» ЖК басшысы	21 қаңтар
9	Латиф Батес — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша КБАА» ШЖҚ-дағы КМК-ның бас дәрігерінің орынбасары	24 қаңтар
10	Егінбаев Руслан Елшібайұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Престиж Агро» ЖШС-нің директоры	25 қаңтар
11	Рудницкий Виктор Иванович — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дашка-Николаевка СК» ЖШС-нің директоры	27 қаңтар
12	Жақыпов Данияр Келденбекұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Данияр-Бидай» ЖШС-нің менеджері	31 қаңтар

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау орны: Тайынша қаласы, Центральний бұрылысы, 3 «А», «Nur Otan» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы.

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат — 23072, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы — 22047.

* * * * *

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ

Ел тәуелсіздігінің ең маңызды нысаны — мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіл — тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен рухани болмысының негізгі тірегі.

Істі қазақ тілінде жүргізу керек деген мәселе 1997 жылы «Тіл туралы» Заң қабылданған сәттен бері және Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы №4106 Жарлығымен бекітілген тілдерді қолданумен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын 1998-2000 жылдар аралығында іске асыру барысында қоғамдық өмірдің барлық негізгі салаларында тіл құрылысы процестерінің одан әрі кеңеюі мен тереңдеуі үшін алғы шарттар жасалды.

Мемлекеттік тіл — мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және қағаздарын жүргізу тілі.

Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін - өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады. Ол біздің сот жүйесіне де тікелей катысты.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының 2009 жылдың 27 ақпанындағы «Ісқағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 кімі республикамыздың барлық соттарында қолданылады. Тайынша аудандық сотының шығыс құжаттары мен ішкі құжат айналымы, жедел кеңес және семинар сабақ хаттамалары, жоғары сатыдағы соттармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Осы орайда қазақтың жазушысы Ахмет Байтұрсынов: «Ана тілінде еркін сөйлеп, шын жүрегіңмен құрметтесең ғана өзгелерге де ана тілінді құрметтете аласың» деген сөзі бар. Қандай саланың маманы болсаң да ана тілін құрметтеп, қазақ тілінің мәртебесін көтеру - қазақтың қара шаңырағының астында тұрған, елім, жерім деген әрбір азаматтың борышы деп есептеймін.

Гүлдана ЕЛЕМЕСОВА,

Тайынша аудандық сотының бас маманы.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй. Тапсырыс 420. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715 36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.